

Талғар ауданы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай- ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі N 04-388 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 28 мамырда N 2-18-147 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 09-594 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 16.09.2016 № 09-594 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Алматы облысы Талғар аудандық әкімдігінің 16.04.2013 N 04-199 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) тармақшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне қарамастан Талғар ауданының ұйымдары мен мекемелерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай- ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы Талғар аудандық әкімдігінің 16.04.2013 N 04-199 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Өмірәлиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Талғар ауданының жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі

мемлекеттік мекемесінің бастығы"

О. Бүркітов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК